

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау құралдарына сертификат беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 558 қаулысы.

"Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау құралдарына сертификат беру қағидалары бекітілсін (қызмет бабында пайдалану үшін).

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекеттік құпияларды қорғаудың техникалық құралдарына сәйкестік сертификатын беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 қазандағы № 1561 қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 735 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 42, 623-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин